

**«КІТАПТАР ЖЕЛІСІМЕН
ТҮСІРІЛГЕН КӨРКЕМ
ФИЛЬМДЕР»**



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

Менің атым Қожа

СӨЗ-МАРЖАН

FOLIANT

«МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА»

"Менің атым Қожа" — 1957 жылы жазылған, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын повесть. Авторы – Бердібек Соқпақбаев.

Ол орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды.

1963 жылы "Қазақфильм" студиясы осы кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды.

QAZAQFILM

ҚОШ БОЛ ГҮЛЬСАРЫ!

16+

«ҚОШ БОЛ, ГҮЛСАРЫ!»

Адам мен жылқының тіршілігін сабақтастыра суреттеген «Қош бол, Гүлсары!» повесі Шыңғыс Айтматовты жаңа қырынан көрсеткен-ді. Қарапайым шаруа,тірлігінде биікке ұмтылып көрмеген Танабайдың өмірі мен оның серігі— Гүлсарының бүкіл тіршілігінің көркем суретін жасай отырып, жазушы өз ұлтының ерекшелігін,болмысын күллі әлемге таныта алды.

Қош бол, Гүлсары! – Қазақ кинорежиссері Ардақ Әмірқұловтың 2008 жылы жарық көрген фильмі. Шыңғыс Айтматовтың аттас повесінің экрандық нұсқасы.

102 минуттық фильмді түсіру жұмыстары бір жылдан астам уақытқа созылды, түсірілім жұмыстары Алматы облысының тау бөктерінде Ұзынағаш ауылының маңында өтті. Фильмнің түсірілімі 2006 жылдың ақпан айында басталып, үш жарым айға созылды, бірақ қаржыландырудың баяу болуына байланысты фильм Астанада 2008 жылдың 7-13 қыркүйек аралығында өткен V «Еуразия» кинофестивалі басталғанға дейін ғана аяқталды.

Басты кейіпкер Танабайды сомдаған қырғыз актері Доғдырбек Қыдыралиев бұл рөлге үш жыл дайындалып, ол үшін 13 келіге арықтаған. Гүлсары жылқыны қазақтың Тараз қаласындағы жылқы зауыттарының бірінен табылған Гарпун атты айғыр ойнаған.

Марапаттары

V Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің бас жүлдесі (2008).


II Ыстықкөл кинофестивалінде үздік режиссер (Ардақ Әмірқұлов) және үздік еркек рөлі (Доғдырбек Қыдыралиев) жүлделері (2008).

Киш шипажай аралында өткен Бірінші халықаралық Иран кинофестивалінің қазылар алқасының арнайы жүлдесі (2011 ж. сәуір).









МҰХТАР ӘУЕЗОВ

КӨКСЕРЕК

«КӨКСЕРЕК»

Адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма. Авторы - Мұхтар Әуезов. Бұл әңгіме 1929 жылы жазылған.

Фильмнің бүкілодақтық тұсаукесері 1974 жылы 8 сәуірде Мәскеуде өтті.

Фильм 1974 жылы Әзірбайжан астанасы Бакуде өткен Бүкілодақтық кинофестивалдің бірінші жүлдесіне ие болады.









Ілияс Есенберлиннің

«Көшпенділер»

атты трилогиясы

Көшпенділер – Ілияс Есенберлиннің үш кітаптан тұратын тарихи эпопеясы. Бұл шығарма - қазақ сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі, партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма. Трилогия Алмас қылыш, Жанталас, Қаһар деген бөлімдерден тұрады.

«Көшпенділер» фильмі – 2005 жылғы қазақ-француз бірлесіп түсірген фильм. Фильмнің желісі Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабына негізделген.



